

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы N 894 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1456 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1456 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын берудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 108 P000108\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 3, 39-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын берудің т ә р т і б і н д е :

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) егер өтініш беруші Ұлттық компания болып табылған жағдайда;

2-2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828\_ заң күші бар Жарлығының 73-тармағында белгіленген жағдайда";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Барлаумен және/немесе Өндірумен байланысты емес Құрылысқа және/немесе жерасты құрылыстарын пайдалануға Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған Келісімшарттарды жасау жөніндегі тікелей келіссөздер объектілері болып табылады:

1) мұнай және газ, сондай-ақ оларды қайта өңдеу өнімдерін сақтау орындары мен олардың резервуарлары үшін жерасты және топырақ қабатынан төмен тереңдетілген құрылыстары;

2) үш метрден артық тереңдікте салынған тоннельдер, метрополитендер, жерасты жыл өтпелері және инженерлік құрылыстар;

3) қорды жасанды толтыру үшін жер қойнауына жерасты суларын қотаруға арналған құрылыстар;

4) қатты, сұйық қалдықтарды, зиянды улы заттарды көму мен қоймаға салуға

және ағын және өнеркәсіптік суларды жер қойнауына ағызуға арналған қалдықтарды, шайындыларды сақтау орны болып табылады.";

21-тармақ бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Конкурс өтпеген деп танылған жағдайда конкурстық комиссия инвестициялық бағдарламалар конкурсынан объектіні алуға немесе құзыретті орган айқындаған тәртіппен қайталама конкурс белгілеуге құқылы".

25 - тармақта:

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

28-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен" деген сөздер "Экономика және сауда министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

29-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінде, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінде" деген сөздер "Экономика және сауда министрлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

30-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоршаған табиғи ортаны қорғау мәселелері бойынша - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, ал Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - оның аумақтық органдарымен;

Барлаумен және/немесе Өндірумен байланысты емес Құрылыс және/немесе

жерасты құрылыстарын пайдалану үшін жарамды жер қойнауын пайдалану, қорғау

және Қойнаулар учаскелерінің кенсіздігін анықтау мәселелері бойынша -

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетімен, ал Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша - оның аумақтық органдарымен;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК